
2. «Жас Ұлан» 17 5 а, б

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмысының жүргізілуі тәрбие бағытындағы маңызды бағттардың бірі болып табылды. Арнайы бұйрық шығарылып, жалпы жұмыстың жүргізілуі үш түрлі бағытта ұйымдастырылды.

1. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыстарын саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде жүргізілді. Топар жалпы білім беретін мектебінің басшылығымен жемқорлыққа қарсы мәдениетті және құқықтық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» клубының 2024-2025 оқу жылына арналған іс-қимыл жұмыс жоспары құрылып, жоспар аясында тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері құрылып, бекітілді. «Парасат» бұрышы жасалынды.

Оқушылар мен ата-аналардан заңсыз ақша жинауға тыйым салу, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында бұйрық шығарылды. Өскелең ұрпаққа сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және тәрбиелеу негізінде оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған тақырыптық сынып сағаттары жоспарланып, әр апта сайын белгіленген сыныптар аралығында сынып сағаттары жүйелі түрде өткізілді.

Тақырыптық құқықтық білім беру тоқсанына бір рет өткізіліп отырды. Ар намыс Кодексін сақтау, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін ұстану, ата-анадан қаражат жинауға жол бермеу тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ай сайын жоспарға сай ашық тәрбие сағаттары өткізілді. 11А сыныбында «Жемқорлық деген не?» тақырыбындағы өткізілген ашық тәрбие сағатының мақсаты: «Сыбайлас жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары туралы түсінік қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы аясында «Пара» деген ұғымға кеңінен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын бұл қоғамның бақытты болашағын тежейтіндігін ұғындырды. Оқушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастырып, құқықтық сауаттылығын арттырды. Мұнда сыбайлас жемқорлық сөзінің шығу тегі мен көріністері туралы ақпараттар беріле отырып, «Сен сыбайлас жемқорлықпен кездесіп көрдің бе?», «Сыбайлас жемқорлықты жою үшін сен қандай үлес қосар едің?» - деген түрткі сұрақтар қоя отырып қызу талқы жүргізілді.

Оқушылар адамгершілік құндылықтардың қарапайым қағидаларын бұзу қылмыс әлеміне жетелейтін жол екендіктерін түсінді және талдады.

7 а сыныбында «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді?» тақырыбында адалдық сағаты өткізілді. мақсаты: «Оқушыларға «Әділдік» ұғымын адамзаттық құндылықтарды талдау және бағалау арқылы саналы түрде түсінуге ықпал ету, әділдіктің негізгі қағидаларын талдау». Сынып сағаты барысында оқушыларға қоғамда орын алып отырған жемқорлық, адалдық

ұғымы туралы айтылды. Оқушылар тақырыпқа байланысты өз ойларын жеткізе білді.

Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері өткізген Еңбек күніне арналған "Еңбек адамның екінші анасы" тақырыбында 1-4 сыныптар арасында суреттер байқауы ұйымдастырылды «Еңбек адамның екінші анасы» атты сурет көрмесінің мақсаты: Жас ұрпақты еңбексүйгіштікке, табандылық пен жауапкершілікке тәрбиелеу, еңбектің қадірін ұғындыру. Жоспар бойынша 23 мамыр күні «Мектебім саған мың алғыс» салтанатты жиын мектеп спорт залында өткізілді, алаң шарлармен, жалаушалармен, плакаттармен, гүлдермен безендірілді. Сондай-ақ «Соңғы қоңырау» салтанатты жиынын өткізуге арналған арнайы сценарий құрылып, мереке осы сценарий арқылы өтті. «Соңғы қоңырау» салтанатты жиыны жоспарланған іс-шаралар бойынша толығымен атқарылып, өз нәтижесін берді

Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру – қазіргі заманғы мектептің ең маңызды міндеттерінің бірі, себебі балалық пен жастық – Отанға деген қасиетті сүйіспеншілікті сіңіруге ең қолайлы кезең. «Бірыңғай тәрбие бағдарламасын» іске асыру мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру жүйесінің мазмұны мен негізгі даму бағыттарын, оның құрамдас бөліктерін анықтайды және жас ұрпақтың патриоттық санасын қалыптастыруға бағытталған. Бұл – қоғамның рухани-адамгершілік бірлігінің негіздерінің бірі және маңызды құндылық.

Біздің мектепте патриоттық тәрбие жұмысы үш жүйе құраушы бағыт бойынша жүргізіледі:

I бағыт – Қазақстан халқы мен Қарулы Күштерінің жауынгерлік дәстүрлері негізінде тәрбие беру.

II бағыт – Әскери-спорттық іс-шаралар.

III бағыт – Патриоттық клубтың жұмысы.

Мектепте «Айбын» патриоттық клубының жетекшісі – АӘЖТД пәнінің мұғалімі Қайратов Н.О. Бейбітшілік пен ерлік сабақтарын осы клуб жетекшісі өткізеді. Клубтың негізгі жұмысы – Қазақстан тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін зерттеу, тарихи өткенге деген құрметті тәрбиелеу, Жауынгерлік даңқ залын безендіру, Ауған соғысы туралы материал жинау, экскурсиялар ұйымдастыру, есте қаларлық күндерді атап өту, көрмелер мен бейнефильмдер көрсетілімін өткізу. Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері Жауынгерлік даңқ залында үнемі экскурсия-сабақтар өткізеді.

Автомат бөлшектеу, атыс, жорықтар – кез келген жасөспірім үшін бұл қызықты әрі ерекше әсер сыйлайтын іс. Бұл – «Мерген» клубының оқу бағдарламасының аз ғана бөлігі. Клубтың басты мақсаты – саптық ән мен байқаулар өткізу, әскери көпсайыс жарыстары және ұлттық мерекелерге арналған іс-шараларға қатысу. Клубтың негізгі мақсаттары:

- Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға қатысу;
- Қазақстанның ұлттық мүдделеріне қызмет етуге дайын болу;
- Қоғам игілігі үшін еңбек ету;
- Қазақстанның оң имиджін қалыптастыруға белсенді ықпал ету;

- Қазақстан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу.

Сабақтар сабақтан тыс уақытта және каникул кезеңінде өткізіледі. Балалар атыс дайындығын, мергендік ату, саптық даярлық, тактика және Ұлы Отан соғысы қаһармандарының ерліктерін оқып үйренеді.

Жыл сайын мектепте кеңестік әскерлердің Ауғанстаннан шығарылған күніне арналған іс-шаралар циклі өтеді:

- Халықаралық жауынгерлердің қатысуымен өтетін «Естелік сағаты» салтанатты шарасы, онда Ахметов Қ.Р., Баймұхаметов К.Х. секілді соғыс ардагерлерімен кездесулер және гитарамен патриоттық әндер шырқалады;

- «Ауғанстан – жан жарам» атты ақпараттық сағатты «Уақыттан да күшті естелік» патриоттық клубының мүшелері ұйымдастырады;

- Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының «Құқық пен тәртіп» фракциясы «Зорлық пен қатыгездіксіз балалық шақ» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің бір түрі – «Ұлан» әскери-спорттық ойыны. Бұл ойында балалар түрлі әскери-қолданбалы спорт түрлерінде жарысады. Бағдарлама келесі бөлімдерден тұрады: жарақат алған адамды тасымалдау, кедергілер жолағынан өту, мергендік ату, шартты миналаудан тазарту, саптық қимылдар. Балалар өз төзімділіктерін сынап, командалық жұмысты үйренеді. Бұл жарыс балалар мен жастарда жоғары патриоттық сана қалыптастыруға, ел тарихына деген құрметке, азаматтық, ұлтаралық келісім, әскери қызмет беделін арттыру сияқты әлеуметтік құндылықтарды дамытуға бағытталған.

Мектеп оқушылары жыл сайын келесі әскери-патриоттық іс-шараларға қатысады:

1. 10–11 сынып ұлдары арасында аудандық көпсайыс жарыстары.
2. 10–11 сынып оқушылары арасында (2 ұл, 2 қыз) облыстық көпсайыс жарыстары.
3. 5–6 сынып оқушылары арасында аудандық әскери кросс жарыстары.

Әскери-патриоттық тәрбиеде спорттық-сауықтыру жұмысы, спорттық эстафеталар, әскери-спорттық мерекелер, Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күні де маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттік рәміздер күні – елдік пен егемендігіміздің нышаны, қазақстандықтардың жүрегінде ерекше орын алатын күн. Ту, Елтаңба және Гимн деген құрмет пен сүйіспеншілік – патриоттық сезімнің белгісі, бұл сезім қазақстандықтардың ұлттық мәдени кодына айналды.

Қазақ халқының күш пен төзімділікті сынайтын ұлттық ойындары көп. Осы мақсатта мектеп қабырғасында ұлттық спорт түрлері бойынша фестиваль өтті, оған мектептің спорттық командалары қатысты.

Мемлекеттік саясаттың басты қағидаларының бірі – азаматтардың діни сезімдеріне құрметпен және ұқыпты қарау. Рухани келісім күні – ұлтқа, дінге, жыныс пен жасқа, көзқарасқа қарамастан бәрімізді біріктіретін, бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтатын мейрам.

Отбасы, мектеп және жалпы қоғамның басты міндеті – білімді, рухани бай, моральдық тұрақты азаматтарды тәрбиелеу. Тәрбие жұмысында сынып жетекшілері әртүрлі технологиялар мен әдістерді, Интернетті қолдана отырып, балаларды ынталандырады, қызықтырады және шабыттандырады. Осылайша, мектеп оқушылары республикалық ..«ДОСБОЛЛІКЕ» жобасының аясында «Шеберлер қаласы» – достық пен шығармашылық мерекесі ұйымдастырылды. Бұл іс-шара балаларды ғана емес, олардың ата-аналарын да біріктірді. «Шеберлер қаласы» сияқты оқиғалар оқушылардың таным көкжиегін кеңейтіп, жаңа дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

Мұражай – бұл өткенмен кездесу орны. Онда біз дүниеге келмей тұрып пайда болған, көне заманнан қалған және қазіргі таңда тарихи әрі мәдени құндылыққа ие заттар сақталады. Сондықтан мұражайға барар алдында ерекше әрі таңғажайып нәрсемен кездесу күтіп тұрғандай әсер аласың.

Салауатты өмір салты – бұл үлкен ғылым, ал оның негізгі бағыттарының бірі – денсаулық мәдениетін қалыптастыру. Instagram желісіндегі парақшада үнемі салауатты өмір салты туралы бейнероликтер жарияланып тұрады, қызылша мен тұмауға қарсы егуге шақырулар, қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша ақпараттар беріледі.

Бастауыш сынып оқушылары үшін ойын – өмір мәні, олар белсенділіксіз өмір сүре алмайды. Бұл қажеттілікті сынып жетекшісінің тапқырлығы арқылы шешуге болады. Мұндай жағдайда би және спорт элементтері бар сергіту жаттығулары көмекке келеді, олар үзілісті қызықты етеді және оқушыларды спорттық ойынның қызықты әлеміне жетелейді. Бұл – балалардың келесі сабаққа деген зейінін, қызығушылығын, белсенділігі мен ынтасын арттырады.

Мектеп спорт залында волейбол, баскетбол, мини-футбол бойынша үнемі спорттық жарыстар өткізіледі. Командалар өзара достық кездесулер өткізіп, аудандық және облыстық жарыстарға қатысады, жүлделі орындарға ие болуда.

Мектеп кітапханасы – оқушылар үшін алғашқы ақпараттық орталық. Дәл осы жерде оқушылар өз бетінше іздену, алынған ақпаратты сыни тұрғыда бағалау, түрлі дереккөздерден ақпаратты салыстыру дағдыларын меңгереді: дәстүрлі (кітаптар, журналдар, газеттер) және дәстүрлі емес дереккөздерден. Көркем әдебиет қоры оқырмандарға ашық қолжетімді.

Мектеп кітапханасы оқушылардың үздіксіз өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастырып, жауапкершілікке тәрбиелейді, мектеп бағдарламасына көмектесу үшін әдебиеттерді насихаттауға мән береді.

Мектеп кітапханашысы Балғожина А.А. келесі анықтамалық-библиографиялық қызметтерді көрсетеді:

1. Тақырыптық анықтамалар жасау;
2. Әдебиеттердің тақырыптық іріктемесін жасау;
3. Кітапханаға түскен әдебиеттердің ақпараттық тізімдерін құрастыру;
4. Жеке кітапханалық-библиографиялық кеңес беру;
5. Кітапхана сабақтарын өткізу;
6. Тақырыптық кітап көрмелерін ұйымдастыру;

7. Кітапхана жұмысы жоспары бойынша бұқаралық іс-шаралар өткізу.

Сонымен қатар, Анар Алтыновна әртүрлі қызығушылықтарды ескеретін, кітап оқу мәдениетін қалыптастыратын қолайлы ақпараттық орта құрумен айналысады. Оның басты мақсаты – әр оқырман өз кітабын тауып, қажетті кеңес алып, өзін-өзі дамытуға және тұлғалық ашылуға мүмкіндік беретін ортада болуы.

Отбасында оқу дәстүрлерін сақтау – балаларды оқуға баулудағы табыстың кепілі. Бұл мектеп кітапханасы жұмысының негізгі бағытын айқындайды. Іс-шаралар оқуға деген қызығушылықты дамытуға бағытталған. Педагогикалық ұжыммен бірлесіп, кітапты насихаттау бойынша түрлі жұмыс түрлері қолданылды.

Мектептегі ата-аналармен жұмыс балалармен бірлескен тәрбиелік әрекетке ата-аналарды тарту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, бала тәрбиесі бойынша білімдерін толықтыру, ата-аналарға отбасылық тәрбие беруде көмек көрсету, мектеппен бірге балаларды әлеуметтік қорғау, отбасында және мектепте салауатты өмір салтын ұйымдастыру, ата-аналардың белсенді педагогикалық ұстанымын қалыптастыру, отбасының тәрбиелік әлеуетін көтеру мақсатында жүргізіледі.

Бірлескен қызмет келесі жұмыс түрлерін қамтиды:

- **Танымдық:** қоғамдық білім байқаулары, пән апталықтары, ашық сабақтар күндері, білім және шығармашылық мерекелері, олимпиадалар;

- **Еңбек:** сыныпты безендіру мен көгалдандыру, еңбек десанты, мектеп ауласын абаттандыру мен көгалдандыру, шығармашылық жұмыстар көрмелері;

- **Бос уақыт:** бірлескен мерекелер, концерттер ұйымдастыру, жарыстар, байқаулар, туристік жорықтар, экскурсиялар;

- **Спорттық және туристік:** денсаулық күндері, спорттық мерекелер, жорықтар.

Мектепте төмендегідей құжаттар әзірленді:

- Ата-аналармен жұмыстың жылдық жоспары;

- Сыныптар бойынша ата-аналарға арналған жалпы оқыту тақырыптары;

- Мектептегі Ата-аналар комитеті туралы ереже;

- Сыныптық Ата-аналар комитеті туралы ереже;

- Қамқоршылық кеңесі туралы ереже;

- Жалпы мектептік ата-аналар жиналыстарының жоспары мен тақырыптары;

- Сыныптық ата-аналар жиналыстарының жоспары мен тақырыптары;

- Құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың құқықтарын қорғау кеңесі туралы ереже.

Педагогикалық ағартушылық жүйесі стратегиялық міндетті шешуге бағытталған – ата-аналардың тәрбиеге және оның нәтижелілігіне деген көзқарасын өзгерту арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуді түбегейлі қайта құру.

Ата-аналарды мектеп өміріне белсенді тарту танымдық, шығармашылық және спорттық іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады. Жыл сайын..ата-аналармен бірлесе отырып келесі іс-шаралар өткізіледі: Білім күні, Мұғалімдер күні, Отбасы күні, Жаңа жыл мерекелері, Халықаралық әйелдер күні, Соңғы қоңырау, жалпы мектептік және сыныптық ата-аналар жиналыстары.

Отбасы мен мектеп арасындағы өзара байланыстың маңызды құрамдас бөлігі – сынып жетекшілерінің оқушылардың отбасыларымен жұмысы. Сынып жетекшілері отбасылардың тәрбиелеу мүмкіндіктерін анықтау мақсатында оларды зерттеу жұмыстарын жүргізеді, моральдық әлеуетіне қарай топтастырады. Оқу жылының басында әрбір сынып жетекшісі оқушылар мен олардың заңды өкілдерімен жүргізілетін жұмысты тіркеп отыратын күнделік жүргізеді. Бұл ата-аналар мен мектептің балаға қоятын талаптарын біріздендіру мақсатында жүзеге асады.

Сынып жетекшілері өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға үнемі барып тұрады, үйдегі ахуалды зерттеп, педагогикалық қолдау көрсетеді.

Мектепте Қамқоршылық кеңес жұмыс істейді. Кеңестің құрылуы мен қызметінің құқықтық негізі – ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары мен оны сайлау тәртібі». Қамқоршылық кеңестің құрамы мектеп директорының 2023 жылғы 26 қазандағы № 424 бұйрығымен бекітілген.

Қамқоршылық кеңестің басым бағыттары:

- Қамқоршылық кеңес пен мектеп әкімшілігі арасындағы ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру;
- Әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамытушы іс-шараларды өткізуге мектепке көмек көрсету;
- Сапалы білім алуға жағдай жасауға жәрдемдесу;
- Оқушылар үшін жайлы, қауіпсіз білім беру мен тәрбиелеу жағдайларын жасау.

Қамқоршылық кеңестің отырыстарында мына мәселелер қарастырылды:

- Мектепте баланың қабілеттерін ашуға және дамытуға жағдай жасау, бұл үдерісті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- Балалардың жазғы демалысы, мектепті жаңа оқу жылына дайындау;
- Оқушылардың тамағын ұйымдастыру;
- Бітіруші түлектерді қорытынды аттестаттауға дайындау.

Қамқоршылық кеңестің отырыстары тоқсан сайын өткізіледі, қажет болған жағдайда кезектен тыс жиналыстар ұйымдастырылады. Кеңестің жұмысы барысында мектеп әкімшілігімен ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптасты, бұл бірлескен қызмет үшін қолайлы негіз болып табылады.

Оқушыларды тамақтандыру бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. Мектеп асханасы таза және жайлы. Мектеп бойынша кезекші мұғалім асханада тәртіпті бақылайды және асхана қызметкерлеріне көмектеседі.

Санитарлық жағдай санитарлық нормаларға сай келеді. Өнімдерді сақтау температуралық режимі сақталады.

Медициналық тексеруден өтпеген қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді. Асхана қызметкерлері арнайы киіммен жұмыс істейді, жеке бас гигиенасын сақтайды, олардың медициналық кітапшаларында жұмысқа рұқсаты бар.

Тамақ сапасына бақылау жасау мақсатында мектепте бракераждық комиссия жұмыс істейді. Комиссия құрамына Қамқоршылық кеңестің төрағасы, ата-аналар комитетінің өкілдері, мектеп әкімшілігі мен медбике кіреді. Комиссия бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс істейді. Комиссия мүшелері күн сайын медбикемен бірге дайын тағамдардың сапасын тексереді, арнайы журналға жазба енгізеді, бұрынғы тамақ қалдықтарының қолданылуына жол бермейді. Өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін, жарамдылық мерзімін, сақтау жағдайын растайтын сертификаттар тексерілді. Инфекциялық ауруы бар қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді.

Есеп беру кезеңінде комиссия мүшелері мектеп асханасының жұмысын, азық-түліктердің сапасын, тағам дайындау технологиясын, тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығын, қызметкерлердің сақтау мерзімі мен шарттарын, тағам мәзірін, тағамдардың дайындығын бақылап отырды. Асхана қызметкерлері міндетті медициналық тексерулерден уақытылы өтеді. Тағам сапасы күн сайын органолептикалық бақылаудан өткізіледі және санитарлық ережелермен бекітілген журналға тіркеледі. Ыдыс-аяқ, асүй құралдары мен үстелдерді жуу және дезинфекциялау күнделікті қауіпсіздік техникасын сақтай отырып жүргізіледі.

Әлеуметтік педагогтың қолында қамқоршылар, ата-аналар, аз қамтылған отбасылардың балаларын тамақтандыруға қатысты құжаттар мен өтініштер бар. Тамақтандыру бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. Ішкі мектептік бақылауға сәйкес бұл сұрақ бақылауда. Мектепте оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспары жасалған. Мектеп бұйрығымен мұғалімдердің асханада кезекшілік кестесі, оқушылардың асханаға бару кестесі бекітілген. Мұғалімдер кезекшілігі жүйелі түрде өткізіледі. Асханада 50 орын бар. Жұмыс витаминді өнімдерге бағытталған (ас мәзірінде көкөніс салаттары, жемістер, шырындар), тағамдардың калориялығы, технологиясы мен құнарлылығы ескерілген. Апталық мәзір жасалып, мектеп директоры бекітеді. Асханада күнделікті мәзір, кезекшілік кестесі, әкімшілік кезекшілерінің кестесі көрсетілген тұтынушы бұрышы бар. Ыстық тамақ жаңа оқу жылының басынан бастап бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылған. Асханада су ішу режимі ұйымдастырылған, мектеп директорының бұйрығымен жауапты тұлға тағайындалған. Бастауыш сынып оқушыларының 93-і ыстық тамақпен қамтылған.

Тасымал (подвоз):

«Қашықтағы елді мекендерде тұратын балаларды білім беру ұйымдарына жеткізу және үйлеріне қайтару» мемлекеттік қызметі ауылдық орта білім беру ұйымдарының барлығында жүзеге асырылады. Біздің мектепте Шерубай Нұра стансасынан (3 км – 7 оқушы), Жаманжол бөлімшесінен (8 км – 13 оқушы) тасымал ұйымдастырылған. Жаңа оқу жылы басталарда мектеп автобусы техникалық байқаудан өтеді.

Водительмен және оқушылармен жолда жүру және қоғамдық көліктегі мінез-құлық ережелері бойынша нұсқаулық өткізіледі.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы менгеру:

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық қауіпсіздік жүйесінің маңызды бөлігі – жас ұрпақты тіршілік қауіпсіздігінің негіздеріне үйрету. ӨҚН сабақтары міндетті және жалпы орта білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. 1-сыныптан бастап «Дүниетану» пәні аясында өткізіледі.

Олардың мақсаты:

- салауатты өмір салты туралы білім беру;
- қауіп-қатерлерді бағалап, дұрыс шешім қабылдау дағдысын қалыптастыру;
- күнделікті өмірде және төтенше жағдайларда қауіпсіз әрекет ету үлгісін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 өзгерістерімен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес, 1–4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсы оқыту міндетті. Бұл курс 1–3 сыныптарда жылдық жүктеме – 6 сағат, 4-сыныпта – 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдерімен оқытылады.

Ал 5–9 сыныптарда курс «Дене шынықтыру» пәнінің құрамында жылдық 15 сағат көлемінде дене шынықтыру мұғалімдерімен өткізіледі. ӨҚН сабақтары оқу уақыты ішінде міндетті түрде өткізіледі.

10–11 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәні аясында жылдық 12 сағаттық жүктемемен бастапқы әскери дайындық ұйымдастырушы-мұғалімдерімен өткізіледі. Бұл пән оқу уақыты ішінде міндетті түрде оқытылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу бағдарламасының бөлімдері оқушылардың зерттеу және іздену жұмыстарын, түрлі тәжірибелер мен шығармашылық идеяларын жүзеге асыруға барынша мүмкіндік беру мақсатында құрылған. Бағдарламаның ерекшеліктерінің бірі – әр бөлім соңында оқушылардың өз жұмысын презентация түрінде өздігінен дайындауы. Барлық өздік жұмыс түрлері функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған, яғни оқушылар алған білім, білік және дағдыларын күнделікті өмірде қолдана алуы тиіс.

Бірінші бөлім – «Адамның қауіпсіздігі және қорғалуы» әр жаңа тақырыпты меңгеру кезінде және практикалық жұмыстар барысында қарастырылады.

Екінші бөлім – «Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты» 1–4 сыныптарда, ал «Медициналық білім негіздері» 5-сыныптан бастап енгізілген. Сонымен қатар:

- «Табиғи сипаттағы қауіптер»,
- «Техногендік сипаттағы қауіптер»,
- «Салауатты өмір салты негіздері»,
- 6-сыныптан бастап «Экстремалды жағдай және қауіпсіздік»,
- 7-сыныптан бастап «Қоршаған орта және адам денсаулығы» бөлімдері

қарастырылған.

10- сыныптағы **«Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері»** бөлімінде азаматтық қорғаныс пен медициналық білім негіздеріне қатысты тақырыптар оқытылады. Бұл бөлім бейбіт және әскери уақытта Қазақстан Республикасы халқын табиғи апаттар, ірі авариялар, апаттар және терроризм актілерінің салдарынан қорғауға бағытталған іс-шараларды қамтиды.

11- сыныптағы технологиялық дайындық бөлімі автокөлік құралдарын қауіпсіз басқару және жол жүру ережелерін оқытуды қарастырады.

ӨҚН сабақтарында оқушыларға адамгершілік, еңбек, дене, эстетикалық, әлеуметтік-құқықтық, экономикалық, азаматтық, патриоттық және экологиялық тәрбие беріледі.

Курстың негізгі мақсаттарының бірі – техногендік апаттар кезінде дұрыс әрекет етіп, өзін де, айналадағы адамдарды да құтқара білуге үйрету. Бұл пән төтенше жағдайға тап болған адам өмірі мен денсаулығы шешілетін сәтте, жағдайды тез әрі дұрыс бағалап, нақты шешім қабылдай алатын тұлғаны тәрбиелейді.

Сабақ барысында мұғалімдер көрнекі материалдар, тақырыптық плакаттар, бейне және фотоматериалдар, презентациялар көрсетеді, практикалық сабақтар мен экскурсиялар өткізеді. ӨҚН пәні мұғалімдері оқушылардың материалды сапалы меңгеруі үшін ойын технологияларын қолданады.

Оқыту теориялық және практикалық бөлімдерден тұрады. Білімді бағалау үшін келесі тақырыптар бойынша тестілер жасалған: «Жол жүру ережелері», «Алғашқы медициналық көмек», «Жол белгілері», «ТЖ кезіндегі әрекеттер». Білім сапасы тесттер, практикалық және бақылау жұмыстары арқылы анықталады.

Өмір қауіпсіздігінің негіздері – бұл жеке және қоғамдық қауіпсіздікке саналы әрі жауапты көзқарасты қалыптастыратын пән. Ол оқушыларға қауіпті жағдайларды тану мен бағалауды, олардан қорғану тәсілдерін, өзара көмек пен өзін-өзі қорғауды, жол жүру ережелерін және салауатты өмір салты, әскери қызмет негіздерін үйретеді.

Мектепте ата-аналармен бірге ӨҚН бойынша түсіндіру жұмыстары (акциялар, байқаулар, көрмелер) жүргізіледі, сондай-ақ бұл сұрақтар ата-аналар жиналыстарының күн тәртібіне енгізіледі.

Мектеп-гимназия ұжымы мақсатты түрде оқушылардың рухани және физикалық дамуына жағдай жасауға бағытталған.

ӨҚН сабақтарында келесі бағыттар бойынша рухани-адамгершілік тәрбие үнемі жүргізіледі:

- **Патриотизм** – Отанға, туған өлкеңе, халқыңа деген сүйіспеншілік, Отанға қызмет ету;

- **Қоғамдық бірлік** – ар-намыс, әділеттілік, теңдік, мейірімділік;

- **Азаматтылық** – Отан алдындағы борыш, азаматтық қоғам;

- **Отбасы** – қамқорлық пен көмек, сүйіспеншілік пен адалдық.

ӨҚН сабақтарында және сыныптан тыс іс-шараларда оқушылардың адамгершілік қасиеттері келесі формада дамытылады: экскурсиялар, әңгімелер, викториналар, іскерлік, құқықтық, рөлдік, экологиялық ойындар, ауызша журналдар, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, тренингтер және т.б.

«Адамның қауіпсіздігі және қорғалуы» бөлімін оқу кезінде оқушылар:

- үйде ересектер болмаған жағдайда өзін қалай ұстау керектігін,
- күдікті заттарды анықтаған кезде не істеу керектігін,
- құрдастарымен және бейтаныс адамдармен қарым-қатынас ережелерін,
- күнделікті өмірдегі жол қозғалысына қатысу кезінде қауіпсіз мінез-құлық модельдерін меңгерді.

«Төтенше жағдайлардан қорғану» бөлімін оқу барысында оқушылар:

- төтенше жағдай түрлерін,
- қоршаған орта, техносфера және әлеуметтік сала арасындағы тығыз байланысты,
- қауіпті жағдайларды бағалау мен олардан қауіпсіз шығу жолдарын,
- өз әрекеттерімен қауіп тудырмау қажеттігін түсінді.

«Қоршаған орта және қауіпсіздік» бөлімі оқушылардың өздеріне жақын ортада: үйде, аулада, білім беру мекемелерінде, адамдар көп жиналатын жерлерде, су айдындарында және олардың маңында, табиғи жағдайда, жануарлармен кездескен кезде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.

«Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты» бөлімін оқу барысында оқушылардың адамгершілік тәрбиесі, жеке денсаулығы, халықтың денсаулығы, салауатты өмір салты туралы жүйеленген түсініктерді қалыптастыру, денсаулықты сақтау және нығайту, сондай-ақ күйік, үсік, жарақаттар, қан кету кезінде алғашқы көмек көрсету дағдыларын дамыту міндеттері шешілді.

Сабақтарда оқушылар бағдарлама тақырыптарына сәйкес қызығушылықпен тақырыптық ойын жаттығуларын, шығармашылық және өздік жұмыстарды орындайды, жағдаяттық тапсырмаларды қарастырып, талдайды және шешеді (мультимедиялық презентация қолдану арқылы).

Қорытынды: мектеп оқушылары пән бойынша қойылған мақсаттар мен міндеттерді табысты орындады.

«Жолда жүру ережелері» жүзеге асыру

Көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету жалпы білім беру процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Балалармен көше мен көліктегі мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу және ЖҚЕ оқытудағы жұмыстың негізінде **ынтымақтастық педагогикасы** жатыр. Сценарийлерді бірге жазу, сұрақтар мен жұмбақтар құрастыру кезінде балалардың мүмкіндіктері, қабілеттері және ЖҚЕ бойынша сабақтардан, экскурсиялардан, кеңестерден, әңгімелерден алған білімдері ескеріледі.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны:

- **1–4 сыныптарда** – әр сыныпта 6 сағат, сынып жетекшілерімен сынып сағаттары және сыныптан тыс уақыт есебінен өткізіледі.

- **5–8 сыныптарда** – әр сыныпта 10 сағат, сынып сағаттары мен сыныптан тыс уақыт есебінен өткізіледі.

Жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған іс-шаралар:

- 1–30 сәуір аралығында оқушылар мен жастар арасында жол-көлік және тұрмыстық жарақаттанудың алдын алу айлығы өткізіледі.

- Бастауыш сыныптарда күнделікті «қауіпсіздік минуттары» өткізіліп тұрады.

- Техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар жүргізіледі.

- Мереке қарсаңында «Қауіпсіз демалыс» акциясы өткізіледі.

- «Жол қауіпсіздігі» сурет байқауы ұйымдастырылады.

- Дене шынықтыру мұғалімдері дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіз мінез-құлық туралы нұсқаулықтар мен әңгімелер өткізеді, олар нұсқаулық журналдарына тіркеледі.

- Үлкен сынып оқушыларынан құралған үгітбригада арқылы мектеп оқушыларын ЖҚЕ-ге үйрету бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіледі.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі айлығы аясында:

- Жас жол инспекторлары (ЮИД) сурет, плакаттар байқауларын өткізді,

- Балалар үшін кроссвордтар құрастырды.

Басшылық деңгейінде өткізілетін жұмыстар:

- Мектеп директоры мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының жиналыстарында келесі мәселелер талқыланады:

- қала және облыс деңгейіндегі балалар жол-көлік жарақаттануының талдауы,

- оқушыларды ЖҚЕ-ге оқытуды ұйымдастыру және жоспарлау,

- жаяу жүргінші мен жолаушының міндеттері,

- көше мәдениетін үйрету бойынша озат тәжірибелер,

- оқушылар тобымен көшеде қозғалу кезінде мұғалімдерге қойылатын талаптар.

- Мектеп фойесінде «Мұны әркім білуі керек» атты ақпараттық бұрыш ұйымдастырылған. Мұнда:

- ақпараттық материалдар,

- жадынамалар,

- күнделікті қауіпсіздік ережелері ұсынылған.

Ата-аналармен жұмыс:

Жалпы мектептік ата-аналар жиналыстарында келесі тақырыптар талқыланады:

- «Көшедегі тәртіп – жаяу жүргіншінің қауіпсіздігінің кепілі»,
- «Жол қозғалысы ережелері не үшін қажет және олар нені білдіреді?»,
- «Балалардың жол-көлік жарақаттануының типтік жағдайлары және алдын алу шаралары»,
- «Балаларды көше ережелеріне үйретуде ересектердің рөлі».

Оқыту құралдары мен әдістері:

ЖҚЕ сабақтары мен викториналарда сынып жетекшілер қолданады:

- оқу презентациялар,
- ЖҚЕ бойынша баспа құралдары,
- үстел ойындары (лото, домино, стоп-сигналдар),
- макеттер, дидактикалық ойындар,
- арнайы және көркем әдебиет,
- анимациялық фильмдер.

Қолданылатын әдістер мен жұмыс формалары оқушылардың ЖҚЕ-ді меңгеруіне және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытынды: Балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу бойынша жүргізілген жұмысты талдау мектепте жүйелі түрде жол қозғалысы ережелерін насихаттау және ЖКО-ның алдын алу бағытында жұмыс жүргізілетінін көрсетті. Өткен оқу жылы ішінде жүргізілген алдын алу іс-шараларының нәтижесінде мектеп оқушылары жол-көлік оқиғаларына ұшырамаған, бұл жүргізіліп жатқан жұмыстың оң нәтижесін көрсетеді.

Мектептің психологиялық қызметі 2024 жылғы 3 қыркүйектегі №103 мектепшілік бұйрығына сәйкес және 2024 жылғы 3 қыркүйекте бекітілген КММ «Топар жалпы білім беретін мектебі» жанындағы психологиялық қызмет туралы Ережеге сәйкес жұмыс істейді.

Жұмыс педагог-психологтың жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, білім алушылардың әлеуетін барынша ашуға, табысты оқуы мен әлеуметтенуіне жағдай жасауға бағытталған ағартушылық, диагностикалық және дамыту шараларын кешенді түрде жүзеге асыру.

Міндеттері:

1. Оқушыларды психологиялық сүйемелдеу (бейімделуге көмектесу; түзету-дамыту көмегін көрсету; психопрофилактикалық шаралар өткізу);
2. Оқушылардың отбасы мен мектеп жағдайындағы психологиялық мәселелерін шешуде ата-аналарға қолдау көрсету;
3. Мұғалімдер мен әкімшілікке психологиялық кеңес беру;

4. Білім алушылардың оқу-танымдық әрекеті мен әлеуметтенуінде қиындықтарды жеңуде тиісті мамандармен мектеп ішінде және сыртында өзара әрекеттесу.

Жұмыс бағыттары:

1. Диагностика
2. Түзету-дамыту жұмысы
3. Кеңес беру
4. Профилактика және психологиялық ағартушылық
5. Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс

Жұмыстың жүзеге асу формалары:

- Оқушылармен: сынып сағаттары, психологтың бірыңғай сынып сағаттары, әңгімелер, «Форум-театр», акциялар;
- Педагогтармен: жеке кеңестер, педагогикалық кеңестер;
- Ата-аналармен: жеке кеңестер, ата-аналар жиналыстары.

Психолог жұмысы «HR+» автоматтандырылған психологиялық-педагогикалық мониторинг жүйесінде тіркеледі. Осы жүйеге енгізілген мәліметтер негізінде барлық қажетті құжаттама жүргізіледі.

Оқу жылының басында ата-аналар психологиялық қызметтің жылдық жоспарымен, негізгі бағыттарымен және іс-шараларымен таныстырылды.

2024–2025 оқу жылы аясында өткізілген жұмыстар көлемі:

- Диагностикалық зерттеулер – 282 (сандық және сапалық);
- Кеңестер – 126 кездесу;
- Түзету-дамыту жұмысы – 67 сабақ;
- Ағартушылық және профилактикалық шаралар – 31 іс-шара.

Қызмет нәтижелерінің сипаттамасы:

2024–2025 оқу жылы ішінде психологиялық қызметтің жұмысы оқушылардың бейімделу үдерістерін сүйемелдеуге, мектептегі мазасыздық деңгейін төмендетуге, оқу мотивациясын дамытуға және білім беру ортасындағы жағымды эмоционалды климатты қалыптастыруға бағытталды.

Жалпы, психологиялық қызметтің жұмысы қанағаттанарлық деп бағаланып, оң нәтижелермен қатар, алдағы даму бағыттары да айқындалды.

Негізгі жетістіктер:

1. 1-сынып оқушыларының сәтті бейімделуі:

Көпшілік бала мектепке дайындық деңгейін жоғары көрсетті. Оқу мотивациясы қалыптасқан, мазасыздық деңгейі – норма шегінде. Бұл – бастауыш буында дер кезінде көрсетілген кәсіби қолдаудың нәтижесі.

2. Жоғары сыныптарда оқу мотивациясының оң динамикасы:

- Төмен мотивациясы бар оқушылар саны азайды.
- Орташа тұрақты мотивациясы бар оқушылар саны артты.
- Бұл – профилактикалық және мотивациялық іс-шаралардың тиімділігін көрсетеді.

3. Барлық жас топтарында мектептік мазасыздық деңгейі төмендеді:

Оқушылар өзіне сенімдірек, белсендірек бола бастады, көшбасшылық пен әлеуметтік белсенділікке ұмтылыс байқалады.

4. Мектеп ортасында жағымды психологиялық ахуал қалыптасты:

Оқушылардың басым бөлігі мектепке, мұғалімдерге және оқу үдерісіне жағымды көзқарас танытады. Буллинг жағдайлары – бірлі-жарым, ал жеке және әлеуметтік қауіпсіздік мәселелері бойынша хабардарлық деңгейі – жоғары.

5. Психологиялық қызмет тұлғаның негізгі даму аспектілерін қамтиды:

Өзін-өзі бағалау, мотивация, эмоционалды жағдай, қарым-қатынас дағдылары.

Негізгі қиындықтар мен даму аймақтары:

- Жекелеген оқушыларда әлі де мазасыздық, өзіне сенімсіздік және төмен мотивация белгілері сақталған – бұл жағдайда жеке қолдау қажет.

- 10-сынып оқушылары арасында оқу мотивациясының әлсіреуі және эмоционалды салқындау байқалды – бұл олардың оқу үдерісіне формалды қатысуын көрсетуі мүмкін.

- Әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмыс бағыттарын жетілдіру қажет:

- Психологтың әдістемелік құралдарын жаңарту;
- Ата-аналар мен сынып жетекшілерімен ынтымақтастықты нығайту;
- Түзету-дамыту жұмыстарының жүйелілігін арттыру.

Ұсынымдар:

1. "Тәуекел тобына" (мазасыз, өзіне сенімсіз, мотивациясы төмен) ерекше назар аудара отырып, бейімделу және эмоционалды жағдай мониторингін жалғастыру.

2. Жоғары мазасыздық немесе оқу белсенділігі төмен балалар үшін жеке сүйемелдеу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.

3. 9–11 сыныптарда оқу мотивациясын арттыру бағытында жобалық, зерттеу жұмыстарына негізделген белсенді әдістерді қолдану.

4. Қызметтің әдістемелік базасын жаңарту: заманауи диагностика құралдарын, психологиялық сүйемелдеу және түзету технологияларын енгізу.

5. Эмоционалды интеллект, кәсіби күйіп-жанудың алдын алу және жасөспірімдерді сүйемелдеу тақырыптары бойынша педагогтар мен мамандардың біліктілігін арттыру.

6. Мектеп ортасында қолдау мен диалог мәдениетін жалғастырып дамыту: эмпатия, конструктивті қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, ата-аналар мен педагогтарды балалар үшін өзекті тақырыптарды талқылауға тарту.

7. Түзету-дамыту жұмысын жас ерекшелігіне, оқушылардың қажеттіліктеріне және өткен жылғы динамика талдауына сүйене отырып, жүйелі түрде жоспарлау.

Қорытынды:

2024–2025 оқу жылында психологиялық қызметтің жұмысы оқушылардың сәтті бейімделуіне, мазасыздық деңгейін төмендетуге және мектепке деген оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал етті. Эмоционалды жағдай мен оқу мотивациясының тұрақтану үрдісі байқалады. Сонымен қатар, қызметтің ары қарай тиімді дамуы үшін – икемді, дербес жұмыс тәсілдері, әдістемелік деңгейдің артуы және педагогикалық ұжым мен ата-аналармен өзара әрекеттестікті жандандыру қажет.

Мектебімізде кәсіптік бағдар беру 9-11 сынып оқушыларына жүзеге асырылады. Мақсаты: Оқушылардың мамандық таңдауға деген қызығушылықтарымен қабілеттеріне бағыт-бағдар көрсету. Жоспарға сәйкес келесі іс-шаралар өткізілді:

22 қараша Қарағанды Техникалық Университетінен өкілдері келіп 9-11 сынып оқушыларына мамандықтар туралы ақпараттармен бөлісті. Келген мамандар 9-11 сынып оқушыларына мамандықтар туралы кең көлемде мәлімет беріп, болашақта дұрыс таңдау жасауға бағыт-бағдар көрсетті

https://www.instagram.com/p/DC4MC_rN3mX/?igsh=MWRvenNtMGFuNnZseg==

6 ақпан Саран жоғарғы гуманитарлық - техникалық колледжінен өкілдері мектеп түлектерімен кездесу ұйымдастырылды. Іс шара мақсаты: оқушылардың мамандық таңдауына бағыт бағдар беру

<https://www.instagram.com/p/DFuGirwNHRg/?igsh=dmlqOHJ0cDZwd3R5>

Сондай ақ ҰБТ бойынша 10"Б"-11"А сынып оқушыларының арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: мектепті- бітіруші оқушылардың негізгі бес пәннен бағдарламаны қаншалықты меңгергенін анықтау. Бағдарлама – мемлекеттік құжат. Оны толық меңгеру оқушының- меңгерту мұғалімнің міндетті.

<https://www.instagram.com/p/DDPVV-LNZqp/?igsh=MWFkNnd2YTVycG1iNA==>

31 қаңтар 2025 жылы 065 әскери учаскелік орталығының өкілдері келіп 10-11 сынып оқушыларына әскери мамандық туралы маңызды ақпарат берілді.

Мақсаты: әскери мамандықтар түрлерімен таныстыру, қызығушылықтарын арттыру

<https://www.instagram.com/p/DFexuYDt5Xv/?igsh=YXpjYjdyaXpwbGcy>

Қысқы каникул іс жоспарларына сәйкес «мамандық таңдауда қалауыңды табу» тақырыбында 9-11 сынып арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу. Мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу.

<https://www.instagram.com/p/DEz4YmUNgVW/?igsh=eHBjNDloNmVpOWt0>

Іс-шара барысында оқушылар өз қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес мамандық таңдаудың маңыздылығы туралы ақпарат алып, болашақ кәсіби бағыттарын айқындауға мүмкіндік алды.

10 қаңтар күні кәсіптік бағдар беру жұмыс аясында 9-сынып оқушылары Абай көпсалалы колледжіне экскурсияға барды. Мақсаты:Экскурсия барысында оқу процесімен танысып,мамандықтар бойынша сұрақ қойды.

<https://www.instagram.com/p/DEpga6UtZYj/?igsh=NTBsaTJlcHViYm5l>

Цифрлық сауаттылық апталық аясында «Мамандықтар марафоны» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында іс шара өткізілді. Мақсаты: оқушылардың түрлі мамандықтармен таныстыру. Әр мамандықтың маңыздылығын түсіндіру. Өз болашақ мамандықтарын таңдауға шабыттандыру

<https://www.instagram.com/p/DFVBDoftihH/?igsh=cmEzbDJ0bmE1MmUw>

Халықаралық 8 наурыз іс шаралар жоспарына сәйкес 6 наурыз «Аналардың еңбегі маңызды» тақырыбында мамандық иелерімен кездесулер өтті. Мектеп медбикесі Нурпеисова Е.Ю өзінің мамандығын қалай таңдағанын туралы әңгіме өрбітті. Мақсаты: Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту.

<https://www.instagram.com/p/DG4sXOItn4k/?igsh=MWNlcDJnZTZ1aWth>

МА==

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылының кәсіптік бағдар беру бағытында жүргізілген жұмыстар нәтижелі өтті. Оқушылардың болашақ мамандыққа деген қызығушылығын арттыру, түрлі оқу орындары мен әскери бөлімдер өкілдерімен кездесу арқылы ақпараттық қолдау көрсету сияқты маңызды іс-шаралар өткізілді.Жүргізілген барлық іс-шаралар оқушылардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға, әртүрлі кәсіп иелері туралы көзқарасын кеңейтуге ықпал етті. Бұл жұмыстардың барлығы оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру:

Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқу процесін ұйымдастыру:

Мектептегі инклюзивті білім беру – білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыты болып табылады, өйткені бұл әр адамның білім алуға деген құқығын іске асыру құралы ретінде танылады.

Инклюзивті білім беруді іске асыру аясында мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін тиісті жағдайлар жасалған.

2024–2025 оқу жылы.

ЕББҚ бар балалардың жалпы саны	Оқытылады				
	Бейімделген бағдарлама бойынша	Жекелеме қолданылатын жалпы білім беру бағдарламасы бойынша	қысқартылған жалпы білім беру оқу бағдарламасы бойынша	психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіле отырып	жеке оқу бағдарламасы бойынша (ақыл-ой дамуында кемістігі бар балаларға арналған
8	5	3	-	-	-

Интеллектуалдық дамуында бұзылыстары бар балаларға арналған жұмыс оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына және 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес әзірленген.

Ұсынылған құжаттаманы талдау мектептің мүмкіндіктері шектеулі балалар мен мүгедек балалардың сапалы білім алуға құқығын реттейтін қажетті нормативтік-құқықтық актілер пакетіне ие екенін көрсетті. Мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалар ПМПК-ның қорытындысы мен ұсынымдарына сәйкес оқытылады.

Мектеп педагогтері «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру жағдайында инклюзивті білім беру» инклюзивті білім беру туралы курсы бойынша ұстаздардың тізімі:

№	Педагогтің толық аты жөні	Лауазымы	Тақырыбы	Өту уақыты	Өту орны
1	Абылгазина Калима Латыповна	Математика пәні мұғалімі	«Формирование инклюзивной культуры и повышение эффективности коммуникации в организации среднего образования»	10.02.-21.02.25 80 сағ №10584	Институт переподготовки и повышения квалификации «Білім»
2	Абылгазина Ботагоз Латыповна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	06.02.-10.02.23 40 сағ №0583146	АО «НЦПК «Өрлеу»
3	Адымова Рахат Джарболатовна		«Развитие профессиональных компетенций педагогов в условиях инклюзивного образования»	12.08.-23.08.24 80 сағ №0804981	АО «НЦПК «Өрлеу»
4	Ахметжанова Гульназ Амантаевна	Психолог Дефектолог.	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.-15.03.24 . 40 сағ №0801392	АО «НЦПК «Өрлеу»
5	Ахметов Канат Рымбекович	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	«Формирование инклюзивной культуры и повышение эффективности коммуникации в организации среднего образования»	10.02.-21.02.25 80 сағ №10581	Институт переподготовки и повышения квалификации «Білім»
6	Баймухаметова Нурсулу Абикуловна	Қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі	«Формирование инклюзивной культуры и повышение эффективности коммуникации в организации среднего образования»	05.02.-19.02.25. 80 сағ №10535	Институт переподготовки и повышения квалификации «Білім»
7	Банчук Светлана Ивановна	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	«Формирование инклюзивной культуры и повышение эффективности коммуникации»	05.02.-19.02.25 80 сағ №10542	Институт переподготовки и повышения

			в организации среднего образования»		квалификации «Білім»
8	Джумабеков а Айсулу Джарболатовна	Биология пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	06.02.-10.02.23 . 40 сағ №0583149	АО «НЦПК «Өрлеу»
9	Есимов Асхат Кабдырахманович	География пәні мұғалімі	«Формирование инклюзивной культуры и повышение эффективности коммуникации в организации среднего образования»	05.02.-19.02.25 80 сағ №10535	Институт переподготовки и повышения квалификации «Білім»
10	Жакенова Анаргүл Болатовна	Бастауыш пәні мұғалімі	«Развитие профессиональных компетенций педагогов в условиях инклюзивного образования»	12.08.-23.08.24 80 сағ №0804992	АО «НЦПК «Өрлеу»
11	Жанабекова Раушан Викторовна	Орыс тілі және әдебиет пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.-15.03.2024 40 сағ №0801397	АО «НЦПК «Өрлеу»
12	Жанабекова Сауле Капатаевна	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.-15.03.2024 40 сағ №0801340	АО «НЦПК «Өрлеу»
13	Жетпис Армангүл	Тарих пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.-15.03.24 40 сағ №0801339	АО «НЦПК «Өрлеу»
14	Искакова Динара Жаналыевна	Бастауыш пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.-15.03.24 40 сағ №0801359	АО «НЦПК «Өрлеу»
15	Кисина Жұлдыз Қайдарқызы	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.-15.03.24 40 сағ №0801359	АО «НЦПК «Өрлеу»
16	Мукушева Бахытгүл Мухамбетгалиевна	Тарих пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.-15.03.24 40 сағ №0801404	АО «НЦПК «Өрлеу»
17	Наклова Зауре Сагинтаевна.	Қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.-15.03.24 40 сағ №0801345	АО «НЦПК «Өрлеу»
18	Рахметов Жасулан Серикханович	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.-15.03.24 40 сағ №0801362	АО «НЦПК «Өрлеу»

19	Рахметова Арайлым Серикхановна	Бастауыш пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.- 15.03.24 40 сағ №0801364	АО «НЦПК «Өрлеу»
20	Сидалиева Гульнар Джумабаевна	Орыс тілі жә-не әде-биет пә-ні мұға-лімі	«Формирование инклюзивной культуры и повышение эффективности коммуникации в организации среднего образования»	10.02.- 21.02.25 80 сағ №10581	Институт переподготовки и повышения квалификации «Білім»
21	Смаханова Индира Армиевна	Педагог- ассис- тент	«Білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу бойынша педагог-ассистенттің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	12.05.- 23.05.25 № 0944786	АО «НЦПК «Өрлеу»
22	Смирнова Людмила Геннадьевна	Бастау ыш сы- нып пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.- 15.03.24. 40 сағ №0801364	АО «НЦПК «Өрлеу»
23	Стацюк Сауле Кайырбековна	Математи- ка пәні мұғалімі	«Формирование инклюзивной культуры и повышение эффективности коммуникации в организации среднего образования»	13.02.- 27.02.25 80 сағ №10769	Институт переподготовки и повышения квалификации «Білім»
24	Темирова Зайра Берикбаевна	Технолог ия пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.- 15.03.24 40 сағ №0801350	АО «НЦПК «Өрлеу»
25	Тилеген Хундыз	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	«Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары»	06.02- .10.02.23 . № 0583206	АО «НЦПК «Өрлеу»
26	Хатаман Айсауле	Бастауыш сынып пәні мұғалімі	«Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары»	11.03- 15.03.24 . 40 сағ № 0801369	АО «НЦПК «Өрлеу»
27	Хуанар Ерсерик	Информа- тика пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.- 15.03.24 . 40 сағ №0801351	АО «НЦПК «Өрлеу»
28	Шотха Бейбитхан	Химия пәні мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	06.02.- 10.02.23 . 40 сағ №0583211	АО «НЦПК «Өрлеу»
29	Туретаева Рақат Омышевна	Педагог- логопед	«Формирование базовых компетенций педагогов, реализующих инклюзивное образование»	12.05.- 23.05.25. 80 сағ № 0944815	АО «НЦПК «Өрлеу»

30	Қолдасбай Мұрат Амантөйіұлы	Тарих пәнінің мұғалімі	«Инклюзивное образование в общеобразовательных учреждениях», в рамках современного образования Республики Казахстан	28.04- 05.05.2025 № 10 D- LL4465/1	ОО «Интеллектуаль ный центр Инновационное образование
31	Азанбай Әбілхан Рашидұлы	Математи ка пәнінің мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.- 15.03.24 . 40 сағ №0801351	АО «НЦПК «Өрлеу»
32	Хаби Кулимхан	Бастауыш сынып мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.- 15.03.24 . 40 сағ №0801351	АО «НЦПК «Өрлеу»
33	Хабылан Гулден	Информа тика пәнінің мұғалімі	«Современные технологии обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями»	11.03.- 15.03.24 . 40 сағ №0801351	АО «НЦПК «Өрлеу»

Мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларға (ЕББҚ) арналған деректер банкі, осы санаттағы балалармен жұмыс жоспары бар. Мектепте психологиялық-педагогикалық консилиум (ППК) және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі (ППСК) жұмыс істейді. Қызметтің құрамына мектеп директорының орынбасары (1), мектептің педагог-психологы (1), медицина қызметкері (1), бастауыш және негізгі сынып мұғалімдері (20), арнайы педагогтер: логопед-педагог (1), дефектолог-педагог (1) және педагог-ассистент (1) кіреді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі

https://drive.google.com/file/d/1cYj6gOVONYyOK2H_Jz2qAe4zYXHSpMI/view?usp=drive_link

Инклюзивті білім беру бойынша курстардан 33 педагог өтті, бұл жалпы мұғалімдер санының 77%-ын құрайды.

Әр балаға жеке іс жүргізіледі, оған келесі құжаттар кіреді:

ППК-ның қорытындысы;

Білім беру бағдарламасы бойынша оқуға ата-анасының келісімі;

Жеке деректерді өңдеуге келісімі;

Ата-аналармен жүргізілетін психологиялық-педагогикалық тексеру және сүйемелдеу туралы келісімшарт.

Мектепте келесі жергілікті құжаттар бар:

ППСК туралы ереже;

ППК туралы ереже;

ППСК және ППК жұмысының жоспарлары әзірленіп, бекітілген, отырыстар өткізіліп, хаттамалар жазылады.

Оқушының оқуындағы қиындықтарды және білім алудағы қажеттіліктерін анықтау мақсатында мұғалімдер бақылау жүргізіп, бақылау

парақтарын (2а, 2б нысандар) толтырады. Пәндер бойынша қысқартылған және жеке оқу бағдарламалары Типтік оқу бағдарламаларына және ЕББҚ балаларға арналған типтік оқу бағдарламаларына негізделіп әзірленеді.

ЗПР (психикалық дамуы тежелген) балаларды оқыту үшін жеке күнтізбелік-тақырыптық жоспар талап етілмейді. Ал интеллект бұзылыстары бар балаларды оқыту үшін әр пән бойынша ЕББҚ балаларға арналған типтік оқу бағдарламасына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспар әзірленеді.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар инклюзия парағына және оқушының жеке журналына енгізіледі. Мұғалімдер пән бойынша жеке оқу бағдарламасын бір тоқсанға (жартыжылдыққа) құрастырып, оны сынып жетекшісіне тапсырады. Бұл мәліметтер оқушының психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуінің жеке бағдарламасына енгізіледі.

Әр тоқсан (жартыжылдық) соңында әр мұғалім «Жетістіктер» бағанында (+, - немесе түсініктеме түрінде) оқушының нәтижелерін белгілейді. Осы нәтижелер негізінде келесі оқу кезеңіне арналған жеке оқу бағдарламасы жасалады. Қысқа мерзімді жоспар әзірлеу барысында мұғалім оқушының жеке ерекшеліктерін ескереді. Жоспарда ЕББҚ оқушысының оқу мақсаттары, тапсырмалар, жұмыс түрлері мен бағалау әдістері сыныптың жалпы мақсаттарымен қатар жазылады.

Барлық пәндер бойынша бейімделген оқу бағдарламалары әзірленген.

2025 жылғы қаңтарда мектепте "Инклюзивті білім беру жағдайында оқу жұмысын ұйымдастырудың тиімді әдістемелері" тақырыбында педагогикалық кеңес өткізілді. Мектеп №5 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетімен меморандумға қол қойып, бірлескен іс-шаралар жоспарын әзірлеген.

Инклюзивті түрде оқитын ЕББҚ балалар үшін бағалау стандарттары талаптарына сәйкес вариативті бағалау нормалары қолданылады.

Мектепте жеңіл дәрежедегі ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған арнайы оқулықтар бар.

ЕББҚ және мүгедектігі бар балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыс барысында келесі формалар қолданылады:

жеке әңгімелесу,

үйге бару,

ата-аналардың сынып және мектеп іс-шараларына қатысуы,

ата-аналар жиналыстары.

Әлеуметтік педагог сынып жетекшілермен бірлесіп оқушылардың отбасын зерттеу мақсатында үйге барады (тұрмыстық жағдай, тәрбиелеу түрі және т.б.). Сондай-ақ, ата-аналар мен балаларға психологиялық-педагогикалық кеңес беру көмегін көрсетеді. Сынып жетекшілері осы санаттағы балаларды спортқа, үйірмелерге (физикалық мүмкіндіктеріне қарай) қатыстыру жұмыстарын жүргізеді, мектеп және сынып шығармашылық жұмыстарына тартуға тырысады.

ЕББҚ балалардың ата-аналарына жедел ақпарат беру мақсатында WhatsApp мессенджерінде ортақ мектептік топ құрылған.

ЕББҚ балалар үшін қолжетімді орта құру мақсатында мектеп кіреберісінде пандус орнатылған, баспалдақтар тұтқалармен жабдықталған.

Мектепте келесі жағдайлар жасалған:

- қозғалыс бағытын көрсететін тактильді пиктограммалар (белгілер),
- алюминий жолақтары мен резеңке кірістемелері бар сырғанауды болдырмайтын жабын,
- санитарлық тораптарда тұтқалар,
- тактильді жолақтар,
- баспалдақ көтергіші,
- кедергілерді еңсеруге арналған жылжымалы пандус,
- көше мен ішкі үй-жайларға арналған тактильді плиткалар,
- балдақтарды ілуге арналған ілгектер.

Қорытынды: мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен мүгедек балалардың білім алу процесін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларды жасап отыр. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен мүгедек балаларды оқытуды ұйымдастыру мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінуде.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша оқушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын критерийлер

Оқушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне сәйкестігі мен оны сақтау:

Қазақ тілінде оқыту	Инвариеттік компонент	Вариативтік компонент	Жалпы жүктеме	Орыс тілінде оқыту	Инвариант-ный компонент	Вариативтік компонент	Жалпы жүктеме
1 «А»	18,5	1	19,5	1 «Б»	20,5	-	20,5
2 «А»	22	2	24	2 «Б»	23	1	24
3 «А»	25	1	26	3 «Б»	26	-	26
4 «А»	25	1	26	4 «Б»	27	-	27
5 «А»	28	0,5	28,5	5 «Б»	29	0,5	29,5
6 «А»	28	0,5	28,5	6 «Б»	29	0,5	29,5
7 «А»	31	0,5	31,5	7 «Б»	32	0,5	32,5
8 «А»	32	0,5	32,5	8 «Б»	33	0,5	33,5
9 «А»	33	1	34	9 «Б»	34	1	35
				10 «Б»	34	2	36
11»А»	32	3	35				

2024–2025 оқу жылында мектепте қазақ тілінде оқытылатын 10-сынып пен орыс тілінде оқытылатын 11-сынып жоқ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығына сәйкес, жалпы білім беретін ұйымдарда үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітілген.

Үй тапсырмалары оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып беріледі және келесі уақыт шегінен аспауы тиіс:

- 2-сыныпта — 50 минут,

- 3–4-сыныптарда — 70 минут,
- 5–6-сыныптарда — 90 минут,
- 7–9-сыныптарда — 110 минут,
- 10–11-сыныптарда — 130 минут.

1-сыныпта оқу жетістіктеріне баға қойылмайды.

Мұғалім оқушының тапсырманы орындау нәтижесі бойынша кері байланыс береді:

- түсіндірме,
- рубрикалар,
- ұсыныстар арқылы.

Үй тапсырмасын ұйымдастыру кезінде мұғалім:

- тапсырманы сабақ барысында, қоңырау соғылғанға дейін түсіндіреді,
- оны орындау бойынша нұсқаулық береді.

Инклюзивті білім беру аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, сыныптарды топтарға бөлу талаптары сақталады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.04.2025 №74 бұйрығының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы, 3 тарауына сәйкес білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны қалалық жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болған жағдайда, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша сыныпты екі топқа бөлуге болады.

Мектепте барлығы 20 сынып-комплект бар, олардың ішінде топқа бөлінетін бір сынып — қазақ тілінде оқытылатын 1-сынып.

Сынып	Оқушы саны	Топқа бөліну		
		Орыс тілі	Цифрлық сауаттылық	Шет тілі (ағылшын)
4 «А»	20 (ЕЕБК)	+	+	+

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген, 2025 жылғы 15 сәуір №74 бұйрық 30 пункт негізінде бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, жалпы білім беретін ұйымдарда аул жерде сыныпта 20 және одан да көп оқушы болған жағдайда келесі пәндер бойынша сыныпты екі топқа бөлу қарастырылады:

1. қазақ тілінде оқытылатын сыныптарда орыс тілі пәні бойынша;
2. шетел тілі пәні бойынша;
3. цифрлық сауаттылық пәні бойынша (1-сыныптан басқа).

2024 жылғы 1 қыркүйекке сәйкес: 4 «А» сыныбында 20 оқушы оқиды, оның ішінде 1 оқушы ерекше білім беруді қажет етеді (ПМПК қорытындысы №29/26, 2024 жылғы 8 қазан).

Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын тиісті деңгейлер бойынша меңгеру мерзімдерін сақтау:

2–11(12)-сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут

2022–2023 оқу жылында оқу жылының ұзақтығы:

- 1-сыныпта – 35 оқу аптасы,
- 2–11-сыныптарда – 36 оқу аптасы.

2023–2024 оқу жылында оқу жылының ұзақтығы:

- 1-сыныпта – 33 оқу аптасы,
- 2–11(12)-сыныптарда – 34 оқу аптасы.

2024–2025 оқу жылында оқу жылының ұзақтығы:

- 1-сыныпта – 33 оқу аптасы,
- 2–11-сыныптарда – 34 оқу аптасы.

Оқу тоқсандарының ұзақтығы және демалыс кезеңдері:

- 1-тоқсан – 8 оқу аптасы,

күзгі демалыс – 7 күнтізбелік күн (2024 жылғы 28 қазаннан 3 қарашаға дейін қоса алғанда);

- 2-тоқсан – 8 оқу аптасы,

қысқы демалыс – 10 күнтізбелік күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан 2025 жылғы 8 қаңтарға дейін қоса алғанда);

- 3-тоқсан – 10 оқу аптасы,

көктемгі демалыс – 11 күнтізбелік күн (2025 жылғы 21 наурыздан 31 наурызға дейін қоса алғанда);

• 1-сыныптар үшін қосымша демалыс – 7 күнтізбелік күн (2025 жылғы 10–16 ақпан аралығында);

- 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

Оқу жылы ішіндегі демалыс уақытының жалпы ұзақтығы 30 күннен кем емес.

Каникулдар оқу жылы ішінде үш рет берілді – күзде, қыста және көктемде.

1-сынып оқушыларына үшінші тоқсанда қосымша бір апталық демалыс берілді.

1-сыныптарда оқыту бастапқы кезеңмен (сатылы режиммен) ұйымдастырылады:

- Қыркүйек айында – аптасына үш сабақ, әрқайсысы 35 минуттан,
- Қазан айынан бастап – сабақ ұзақтығы 45 минут.

Сабақтарда дене жаттығулары мен көзге арналған жаттығулар өткізіледі.

1-сынып оқушыларына жыл бойы қосымша апталық демалыс қарастырылған.

1-сыныпта қосарланған сабақтар өткізуге жол берілмейді. Бағалау жүргізілмейді, оқу жетістіктері бойынша мұғалім кері байланыс береді:

түсіндірмелер, рубрикалар, ұсыныстар арқылы.

2–11-сыныптарда сабақ ұзақтығы – 45 минут.

5. Оқу-материалдық ресурстар

Ғимарат туралы мәліметтер

• **Ғимараттың түрі:** Оқу процесіне пайдаланылатын тұрғын емес ғимарат.

• **Құрылыстың жылы:** 1970 жыл.

• **Жобалық қуаттылығы:** 460 орын.

Кітапхана

• **Жалпы алаң** – 48,4 м²

• **Кітап сақтау бөлмесі** – 27 м²

• **Жалпы қор** – 18 307 дана.

• **Негізгі қор** – 11 884 дана, **оқулық қоры** – 6 423 дана.

• Оқулық қоры мектептің білім алушылар контингентіне сәйкес талаптарға толық жауап береді.

Асхана

Асхана типтік, алаңы – 191,2 м² (оның ішінде ыстық цех – 52 м², асхана залы – 127,5 м², шаруашылық бөлмелері – 11,7 м²). Барлық орын – 50 Ыстық тамақпен қамтамасыз етілу 100 % Арендалық келісім шартқа сәйкес тамақтандыруды ЖК «Остановка» жүзеге асырады

https://drive.google.com/file/d/1xGTpxleE0d9thJFoGKaKDJSx1a1Y4VWB/view?usp=drive_link

Қосымша №11 <https://krguo.edu.kz/files/blogs/1748701347237.pdf>

Медициналық кабинет

Медициналық кабинет лицензиялық талаптарға сәйкес келеді.

Кабинет жалпы алаңы – 17,3 м².

Лицензияға қосымша ретінде көрсетілген қызмет түрі – бастапқы медициналық-санитариялық көмек.

Штаттық медициналық қызметкер: Нурпеисова Елена Юлдашевна (маман сертификаты "Мейірбике ісі" № KZ82VBM01494205, 2021 жылғы 24 шілде).

Қосымша №10 <https://krguo.edu.kz/blogs/fromorg/335/6646>

Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пункттің және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер

https://drive.google.com/file/d/1kNgRceS4266TNdQF9WtMQobMLBiNCNb2/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1WDp2blVhwUvM6dGfkskzyLY3M-fbA7-q/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/111s423c1L1OJftDb8skkAML7UtV3ru_u/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1ZGwynpk3SJF5G5buBMidKhdjPrRjyzHw/view?usp=drive_link

Спорт залы

Мектепте 1 спорт залы бар, жалпы алаңы – 146,9 м².

Спорт залында және спорт алаңында оқу орындары ұйымдастырылған, олар еңбек қорғау, техникалық қауіпсіздік және өндірістік санитария талаптарына, сондай-ақ қатысушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Спорт залында сабақтарды өткізу үшін келесі жабдықтар бар:

- Әр түрлі биіктіктегі көлбеулер – 2 дана,
- Параллель бруссы – 1 дана,
- Өрмелеу үшін арқан,
- Үстел теннисына арналған үстелдер,
- Доптар (волейбол, баскетбол, футбол),
- Футбол қақпасы (металл),
- Баскетбол сақинасы,
- Волейбол торы,
- Ұзындыққа секіру шұңқыры,
- Гимнастикалық ат,
- Маттар,
- Дойбы және шахмат.

Гимнастикалық құралдардың сынақтары көрсеткендей, олардың параметрлері стандарттарға сәйкес келеді. Мектептің әкімшілік-педагогикалық қызметкерлері физикалық мәдениет сабақтарын жүргізу кезінде қауіпсіздік және санитария ережелерімен таныстырылады; дене тәрбиесі сабағын өткізуге рұқсат берілген.

Мектептің материалдық-техникалық базасы нормативтік құжаттарға сәйкес келеді және білім беру процесін қазіргі деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді.

Жеке пайдалану шкафтары

Мектепте 55 жеке ағаш шкаф орнатылған, олар 4 бөліктен тұрады және есіктері бар. Бастауыш мектептің оқу жылы басында оқушылар саны 93 . Оның ішінде 1 ауысым 51 оқушы 2 ауысым 42 оқушы.

2023 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.
2024 жылы терезелердің жартысы 20 миллион теңге ауыстырылды.

Қосымша №9 <https://krguo.edu.kz/blogs/fromorg/335/6640>

2025 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді:

Құрылғы мен құралдарды орнату, монтаждау және демонтаждау жұмыстары жүргізілді, олар мүмкіншіліктері шектелген (мүгедектерге) арналған, жалпы сомасы 1 300 000 теңге құрайды. Жұмысты атқарған компания: ТОО Табыс 22.

Мектепте жабдықталған санитарлық торап, тұтқалармен., таяқшалар мен аяққаптарға арналған ілгектер, қоңырау батырмалары, тактильді көрсеткіштер орнатылған. Ғимараттың кіреберісінде Брайль әрпімен қорғаушы пленкамен жабылған мектептің атауы жазылған тактильді тақта, қоңырау батырмасы, тактильді карта, Брайль әрпімен жазылған атаулар (директор, қабылдау, әжетхана). Коридорларда поручни, тактильді көрсеткіштер, әжетхана мен директор кабинеті бағыты бойынша тактильді жолақтар орнатылған. Пиктограммалар (кіру, шығу, қозғалыс бағыты) орналастырылған. Кіреберіс сатыларында сырғанауға қарсы жабыны бар және сатыларға қарсы сырғанау жабыстырылған. Ғимараттың кіреберісінде пандус орнатылған, сондай-ақ мобильді басқыштық көтергіш бар.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған жағдайларды жасау

ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы (ҚР нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) негізінде арнайы білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалды, **бұл 89 % құрайды яғни 3 баллға сәйкес келеді.**

Алайда 2025–2026 оқу жылына күрделі жөндеуден өту үшін 2025 жылғы 14 мамырда берілген QRG_05\25-14 сараптамалық қорытынды.

[https://drive.google.com/file/d/1k7HrgJ4utz4okbwqgi16U3DmpV_F2RyC/vi
ew?usp=drive_link](https://drive.google.com/file/d/1k7HrgJ4utz4okbwqgi16U3DmpV_F2RyC/vi
ew?usp=drive_link)

Қауіпсіздік шаралары

Оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және террористік актілерді болдырмау мақсатында мектепте қауіпсіздік қызметі мен вахтерлер бар.

Мектепте тәулік бойы видеобақылау жүргізіледі: барлығы 52 камера (ішкі - 33, сыртқы - 19).

Бейне бақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету шарты

[https://drive.google.com/file/d/1FAthOaTR9ThOynZL0hfAnJcGZvzirY1i/vi
ew?usp=drive_link](https://drive.google.com/file/d/1FAthOaTR9ThOynZL0hfAnJcGZvzirY1i/vi
ew?usp=drive_link)

Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы акт/хат

[https://drive.google.com/file/d/1kMFpPqvCDQ1p_ya0sVDVUnWaidnzjhHl
/view?usp=drive_link](https://drive.google.com/file/d/1kMFpPqvCDQ1p_ya0sVDVUnWaidnzjhHl
/view?usp=drive_link)

Мектепте 16 оқу кабинеті жұмыс істейді:

- Биология кабинеті – 1
- Физика және география кабинеті – 1
- Химия кабинеті – 1
- Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті – 1
- Математика кабинеті – 1
- Информатика және роботехника кабинеті – 1
- НВТІП және тарих кабинеті – 1

- Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті – 1
- Бастауыш сынып кабинеттері – 4
- Технология кабинеті (шеберхана) – 1
- Ағылшын тілі және мультимедиа кабинеті – 1
- Спорт залы – 1
- Музыка кабинеті – 1

Жиһазды орналастыруда оқу кабинеттеріндегі жолдардың ені мен қабырғалардан арақашықтықтың талаптары сақталған. Оқу құралдары және жиһаздармен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (ҚР нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес қамтамасыз етілген. Оқу құралдарымен және жиһазбен қамтамасыз ету деңгейі **95%-ды құрайды, бұл 4 баллға тең.**

6. Ақпараттық ресурс және кітапхана қоры

Кітапхана жұмысын тексеру барысында нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігі, кітап қоры және құрылымы зерттелді. Әр жылы кітап қорын жаңарту үшін бөлінген қаражат, қосымша әдебиеттер, оқушылардың оқу процесіне көмектесетін әдебиеттермен қамтамасыз етілуі қарастырылды.

Статистикалық көрсеткіштер:	2024-2025 оқу жылы		
Кітап қоры:	Барлығы:	Орыс тілінде:	Қазақ тілінде
Жалпы кітап қоры	18 307 дана	11 140 дана	7 155 дана (соның ішінде 12 ағылшын тілінде)
Әдебиет түрлері	10 724 дана	7 376	3 336 (12 ағылшын тілінде)
Методикалық әдебиет	669 дана	326	343
Анықтамалық әдебиеттер	34 дана	26	8
Оқулықтар:	6 423 дана	3 189	3 234
Электронды оқу құралдары (УМК):	457 дана	223	234
Периодика (бұқаралық әдебиет):	5 атау	2	3

Мемлекеттік тілдегі әдебиет - 3 336 дана әдебиет бар. Қазіргі уақытта кітап қорындағы мемлекеттік тілде оқытылатын оқулықтар 3 234 дана. Мектепте 55 дана энциклопедиялар, анықтамалықтар және сөздіктер бар, олар мемлекеттік және орыс тілдерінде. Оқулықтар арнайы кітап сақтау бөлмесінде сақталады. Стеллаждарда оқулықтар сыныптар мен пәндер бойынша орналастырылған. Кітапхана қоры оқырмандарға ашық қолжетімді. Салалық әдебиет кітапхана-библиографиялық классификацияға сәйкес орналастырылған және сөрелік бөлгіштермен бөлінген. Кітапханада маңыздылығына сәйкес көрмелер ұйымдастырылады. Барлық көрмелер мемлекеттік және орыс тілдерінде безендірілген. Кітапханада қазақ және орыс тілдеріндегі мерзімді басылымдар бар. Кітапханашы оқырмандардың формулярларын жүргізеді, онда берілген кітаптар туралы жазбалар сақталады. Барлық жаңа кітаптар инвентарлық кітапқа енгізіледі, мектептің мөрі мен инвентарлық нөмірі қойылады. Жұмыс күнделікті журналда тіркеледі. Жылына екі рет оқулықтардың сақталуы тексеріледі. Барлық оқушылар мен мұғалімдер кітапханалық қызметпен қамтылған. Мектепте пәндер бойынша электронды оқулықтар бар. Мектептің нормативтік құжаттары кітапхана туралы ереже, жұмыс жоспары, кітапхананы пайдалану ережелері. Кітапхана қызметі туралы бақылау директор жанындағы кеңесте және әкімшілік жиналыстарда тыңдалады.

Оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету
ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығына

(ҚР нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (ҚР нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектеп оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және шығармашылық әдебиеттермен **100% қамтамасыз етілген, бұл 5 баллға сәйкес келеді.**

№12 қосымшаға сілтеме <https://krguo.edu.kz/blogs/fromorg/335/6648>

Кітапхана қоры

https://drive.google.com/file/d/1owg2W0W45GdViqCJs-GHELeFX_KRcDNI/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1bq4gAaE9Z5at7WcX2LpGhRHLxwulL3HN/view?usp=drive_link

Мектепте 78 компьютер бар: ноутбуктер: 46 Моноблоктар: 2 Дәстүрлі стационарлық компьютерлер: 30 Компьютерлермен қамтамасыз ету көрсеткіші: 2 оқушыға 1 компьютер. Мектепте кең жолақты интернет бар, интернет жылдамдығы 60 Мбит/с. Мектепшілік бақылау жұмыс жоспарына сәйкес интерактивті жабдықтарды пайдалану және мектептің информатизациясы мәселелері қарастырылған. Компьютерлік жабдықтар заманауи технологияларды қолдануға мүмкіндік береді. Оқушылар рефераттар мен тесттерге дайындық кезінде, ҰБТ дайындықтары, шығармашылық жұмыстар жасау үшін түрлі қосымшаларды пайдаланады. Мұғалімдер жаңа педагогикалық технологиялар, материалдар, қашықтан оқыту курстары және конкурстар мен олимпиадалар туралы ақпаратпен таныса алады және оларға қатыса алады. Интернет сабақты өткізу кезінде де қолданылады.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысын басқаруда ақпараттық-компьютерлік технологиялар кеңінен қолданылады:

1. Ұлттық білім беру деректер қоры (НӨБД)
2. «Bilimal» электрондық журналы
3. Психологиялық педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі

Компьютерлік сыныптар:

Сынып алаңы: 48 м² Мектепте 1 компьютерлік сынып бар. Сыныпта 20 компьютер бар, барлық компьютерлер сымдық интернетке қосылған. Мектептің домені және әлеуметтік желілер: **Домен атауы:** <https://krguo.edu.kz/index/fromorg/335> **Әлеуметтік желілер:** инстаграм: <https://www.instagram.com/toparskayasosh/> Сайт және әлеуметтік желілердегі ақпарат: Мектептің ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде оқушылардың жетістіктері мен өткізілген іс-шаралар туралы күнделікті фото-видеоматериалдар жарияланады.

7. Оқушылардың білімін бағалау

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын критерийлер:

Оқушылардың әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім беру деңгейіне сәйкес дайындық деңгейі (күтілетін оқу нәтижелері) Оқу бағдарламаларының типтік оқу жоспарларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қарағанды облысы Абай ауданы білім бөлімінің «Топар жалпы білім беретін мектебі» КММ оқушыларының білім беру салалары (пәндер) бойынша дайындық деңгейі оқу бағдарламасының типтік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келеді.

Оқушылардың білімін, іскерлігі мен дағдыларын тексеру және бағалау – оқу үдерісінің маңызды құрылымдық компоненті болып табылады және оны жүйелілік, бірізділік және білімнің беріктігі қағидаттарына сәйкес оқу кезеңінің бүкіл барысында жүзеге асыру қажет.

Оқушылардың білімін бағалау – оқу процесінің маңызды буыны, оны дұрыс ұйымдастыру оқу сапасының сәттілігіне тікелей әсер етеді.

Қорытынды аттестация

Емтихандарды өткізу, оқушыларды басқа сыныпқа аудару және бітіру кезінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында оқушылардың ағымдағы үлгерімін, аралық және қорытынды аттестациясын өткізу типтік ережелеріне» сәйкес жұмыс жүргізілді.

Жыл сайын 9 және 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестацияға дайындау, ұйымдастыру және өткізу жұмыстары бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілді. Қорытынды аттестация мәселелері бойынша оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестацияны өткізу типтік ережелерін меңгеруге арналған нұсқаулықтар өткізілді.

Қорытынды аттестацияға дайындалу аясында мектеп психологы мен сынып жетекшілерінің қатысуымен психологиялық тренингтер, әңгімелер және консультациялар өткізілді. Қорытынды аттестацияны дайындау және өткізу мәселелері 9 және 11 сыныптарда педагогикалық кеңестерде қаралды.

2023-2024 оқу жылында 9 сыныпта 22 оқушы білім алды (олардың ішінде қазақ тілінде оқитындар – 7, орыс тілінде оқитындар – 15). Қорытынды аттестацияға 22 оқушы жіберілді.

Барлық 9 сынып оқушылары қорытынды аттестацияны сәтті тапсырды және сәйкес үлгідегі білім туралы құжат алды.

Абай ауданының Білім бөлімінің 2024 жылғы 22 мамырдағы №272 бұйрығына сәйкес, 9 сынып оқушыларының қорытынды аттестациясы 2024 жылғы 29 мамырдан 10 маусымға дейін өткізілді.

Міндетті емтихандардың тізбесі, формасы және мерзімдері бекітілді:

- 29 мамыр – орыс тілі/қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан (эссе)
- 3 маусым – математикадан жазбаша емтихан (контрольдық жұмыс)
- 6 маусым – қазақ тілі мен әдебиеті/орыс тілі мен әдебиеті бойынша мәтінмен жұмыс және тапсырмаларды орындау жазбаша емтиханы
- 10 маусым – таңдаулы пәннен жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқу тіліне байланысты), шет тілі)

Емтихан нәтижелері түлектердің мемлекеттік жалпы орта білім стандарты аясындағы теориялық материалды меңгергенін, практикалық тапсырмаларды жақсы орындағанын, аналитикалық дағдыларға ие екенін, жауаптарын логикалық түрде құрастырып, себеп-салдар байланыстарын орындай алатынын дәлелдейді. Барлық түлектер таңдау пәні бойынша жылдық бағаларын растады. 1 түлек негізгі орта білім туралы аттестатты «үздік» деген бағаға алды.

№	Саны	Қазақ тілінде оқыту тілі	Орыс тілінде оқыту тілі	Орта білім туралы үздік аттестатқа үміткерлердің ТАӘ	Сынып	Оқыту тілі
1	1	1		Жанабекова Даяна	9а	қазақ

2023-2024 оқу жылының соңында 11-сыныпта 12 бітіруші оқушы оқыды (оның ішінде 9 оқушы қазақ тілінде оқытылып, 3 оқушы орыс тілінде оқытылды). Қорытынды аттестацияға 12 оқушы да жіберілді.

Абай ауданының Білім бөлімінің 2024 жылғы 22 мамырдағы №272 бұйрығына сәйкес, 11-сынып оқушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 2024 жылғы 28 мамырдан 11 маусымға дейін өткізілді. Міндетті емтихандардың тізбесі, формасы және өткізу мерзімдері бекітілді:

- 2024 жылғы 28 мамырда орыс тілі бойынша жазбаша емтихан;
- 2024 жылғы 31 мамырда алгебра және талдау бастамалары бойынша жазбаша емтихан;
- 2024 жылғы 4 маусымда Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан;
- 2024 жылғы 7 маусымда қазақ тілі және әдебиеті бойынша жазбаша емтихан;
- 2024 жылғы 11 маусымда таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, оқыту тіліне сәйкес әдебиет, шет тілі (ағылшын тілі), информатика).

Емтихан нәтижелері түлектердің мемлекеттік жалпы орта білім стандарты шеңберінде теориялық материалды меңгергенін, практикалық тапсырмаларды сәтті орындағанын, аналитикалық дағдыларға ие екенін, жауаптарын логикалық түрде құрастырып, себеп-салдарлық байланыстарды

анықтай алатынын дәлелдейді. Барлық түлектер емтихан бойынша жылдық бағаларын растады.

№	Мектеп атауы	Оқушының Т.А.Ә. Аттестат және «Алтын белгі» белгісі	Сынып	Оқушының ТАӘ — үздік аттестат	Оқыту тілі
1	«Қарағанды облысының білім басқармасы Абай ауданының білім бөлімінің "Топар жалпы білім беретін мектебі" КММ		11 «А»	Алпамысқызы Арайлым	Қазак
			11 «А»	Есимов Нурдаулет	Қазак
			9 «А»	Жанабекова Мадина	Қазак

Барлық жалпы орта білім туралы аттестатқа қоса берілетін оқу жоспарындағы пәндер бойынша оқушылар «өте жақсы» деген бағаға ие болды.

Қорытындылар: Негізгі және орта мектеп курсы бойынша қорытынды аттестацияны талдау нәтижесінде оқушылар мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес пәндер бойынша міндетті базалық минимумды жеткілікті деңгейде меңгергені анықталды.

Барлық емтихандар белгіленген мерзімде, нақты, ұйымдасқан түрде және бұзушылықсыз өткізілді.

Түлектердің дайындық деңгейі тұрақты деңгейде сақталған. Оқушылар көбінесе жылдық бағаларын растады, бұл олардың және мұғалімдердің бітіру емтихандарына жауапкершілікпен қарағанын көрсетеді.

Қорытынды аттестаттау хаттамалары:

Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан хаттамасы 2022-2023 оқу жылы

https://drive.google.com/drive/folders/173uAYvzlmWFPYd95THKXwB1ciu5hHNab?usp=drive_link

2023-2024 оқу жылы

https://drive.google.com/drive/folders/1XytZgOHXR5ahtyEfyDySX7QrAKaDCANk?usp=drive_link

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау олардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес және формативті, суммативті бағалау талаптарының сақталуы аясында жүзеге асырылады: Мектептің білім сапасын арттыруға, оқушылардың үлгермеуін алдын алуға бағытталған қызметі аса маңызды болып табылады, бұл мектеп ұжымы алдында қойылған міндеттерде айқын көрсетілген. Оқушылардың білім деңгейінің сапалық көрсеткіштері:

2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
52,63%	59,7%	60,59%

Үлгерімі 100%.

2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда 2022-2023 оқу жылында білім сапасы 7,07%-ға артты. 2023-2024 оқу жылындағы білім сапасы 60,59% құрайды, оң динамика байқалады. Білім сапасын арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде, «Теңестіру мектебінде» топтық және жеке консультациялық сабақтар өткізіледі, сабақ барысында мұғалімдер жеке және дифференцияланған тәсілдерді қолданады. Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою мақсатында қосымша сабақтар өткізу үшін «педагог-зерттеуші», «педагог-эксперт» біліктілік санаты бар мұғалімдер тартылуда.

Жұмыс жоспарын құру кезінде алдыңғы қызмет нәтижелері ескеріліп, қол жеткізілген жетістіктерді бекіту және одан әрі дамыту жолдары белгіленеді, кемшіліктерді кезең-кезеңімен жою қарастырылады. Оқушылардың сабақтық қызметін ұйымдастыру формалары оңтайлы, мақсатқа бағытталған сипатта таңдалады және оқушылардың мүдделеріне сәйкес келеді.

Білімге әкімшілік бақылау мектепшілік сапаны бақылау жоспарына сәйкес жүргізіледі. Мектепшілік сапаны бақылау жоспарына бақылау және бақылау объектілері ретінде мыналар енгізіледі: оқу қызметінің нәтижелері, білім беру әлеуетін анықтау, оқушының даму динамикасын қадағалау, ҰБТ-ға дайындық жүйесі. Аралық, ағымдағы және қорытынды бақылау нәтижелері педагогикалық кеңесте, директор жанындағы кеңестерде, әдістемелік бірлестіктердің отырыстарында қаралады, бұл оқушылардың білім, дағды, құзыреттерін қалыптастыру бойынша мұғалімдердің жұмысында уақытылы түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың білімін аралық, ағымдағы және қорытынды бақылау түрлі бақылау әдістерінің көмегімен жүргізіледі: жазбаша сұрақ-жауап, білімді тексеру (контрольдық жұмыс), эссе, тестілеу, суммативті бағалау.

Оқушылардың ағымдағы үлгерімін бақылау педагогтар тарапынан суммативті бағалау түрінде жүргізіледі, бұл оқу материалын бөлімдер (үзіліссіз тақырыптар), тоқсан аяқталғаннан кейінгі меңгеру деңгейін анықтау және тіркеу үшін қажет.

Кірістірілген бақылау пәндерді оқып-бітуге дейін оқушылардың дайындық деңгейін бағалау мақсатында жүргізіледі. Оқу сапасын бақылау сабақтарға қатысу және міндетті бақылау тестілерін өткізу арқылы жүзеге асырылады.

«Алтын белгі» және үздік аттестат иегерлерінің саны:

	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Алтын Белгі	-	-	
Үздік аттестат (9 сынып)	3	2	1
Үздік аттестат (11 сынып)	-	-	3

Жазбаша және бақылау жұмыстарын, практикалық және лабораториялық жұмыстарды орындау нормалары

Пәндер бойынша жазбаша және бақылау жұмыстарының нормалары (тәуелсіз жұмыстар, бақылау жұмыстары, лабораториялық, практикалық жұмыстар, шығармалар, диктанттар, тестілер) нұсқаулық-әдістемелік хаттар мен оқу бағдарламасына сәйкес орындалады.

4 және 9 сынып оқушыларының тестілеу нәтижелері.

2025 жылғы 17 наурызда мемлекеттік аттесттеу аясында мектепте 4 және 9 сынып оқушыларының тестілеуі өтті. Тестілеу барысында Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің өкілі бекіткен іс-әрекет алгоритмі бойынша барлық процедуралар толық орындалды. Тестілеу басталғанға дейін мектеп әкімшілігі оқушыларға тестілеу ережелерін бұзбау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің өкілі тестілеу барысын бақылап отырды.

4 сынып оқушыларының тестілеу нәтижелері:

№	Сынып	Журнал бойынша оқушылар саны	Факті бойынша қатысқан оқушылар саны	"5" бағаларының саны (85–100%)	"4" бағаларының саны (65–84%)	"3" бағаларының саны (40–64%)	2" бағаларының саны (40%-дан төмен)	Орташа балл	Оң бағалар үлесі (%)
	4	30	28		4	14	10	14	64,28%

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы: 4 «А» сыныбында – 1 оқушы (ПМПК қорытындысы №29\26 08.10.2024 ж.)

Тестілеуге өтініш берген оқушылар саны: 19

Амбулаториялық ем қабылдауда болған – 1 оқушы (Құлаайғыр ауылдық ФАП анықтамасы бар)

Тестілеуге қатысқан оқушылар саны: 28 оқушы

9-сынып оқушыларының тестілеу нәтижелері:

№	Сынып	Журнал бойынша оқушылар саны	Факті бойынша қатысқан оқушылар саны	"5" бағаларының саны (85–100%)	"4" бағаларының саны (65–84%)	"3" бағаларының саны (40–64%)	2" бағаларының саны (40%-дан төмен)	Орташа балл	Орташа балл
	9	17	16	0	2	11	3	32	81,25

Ескерту:

- Жалпы оқушылар саны: **17**
- Тестілеуге өтініш берген оқушылар саны: **17**
- Амбулаториялық емде болған – **1** оқушы (Құлаайғыр ФАП анықтамасы бар)
- Тестілеуге қатысқан оқушылар саны: **16**

Оқу нәтижелері (білім,білік және дағды сапасын бағалау) бойынша 4 сынып орташа балл 64,28% және 9 орташа балл сынып 81,25 %. Жалпы балл **73 % пайыз 4 балл құрайды.**

№13 косымшаға сілтеме <https://krguo.edu.kz/blogs/fromorg/335/6654>

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы.

Сауална маға қатысушы лар	Жал пы тізім бойынша	Сауалнамаға қатысқандар	Қатысушылар пайызы (%)	Оң жауаптар үлесі (%)	Ұпайлар
Педагогтар	41	42	100	90,2%	5
Оқушылар	200	201	100	89,6%	5
Ата-аналар (заңды өкілдер)	200	209	100	94,58%	5

Бір педагог және бір оқушы біздің мектептен емес

Білім беру процесіне қатысушылар мен басқа да респонденттерге жүргізілген сауалнама нәтижелері

Білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында оқушылар, ата-аналар және педагогтер арасында сауалнама жүргізілді:

• Оқушылардың сауалнамасы бойынша білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі **89,6% құрады, бұл 5 (бес) баллмен бағаланды.**

• Педагогтердің сауалнамасы бойынша 4 және 9-сыныптарда жұмыс істейтін 41 мұғалімнің **37-сі (яғни 90,2%) білім беру мен тәрбиелеуге жағдай жасау деңгейіне қанағаттанатынын көрсетті. Бұл көрсеткіш те 5 баллға сәйкес келеді.**

• Ата-аналар (заңды өкілдер) сауалнамасы оқушылардың дайындық деңгейіне қанағаттану деңгейінің **94,58% екенін көрсетті, бұл да 5 баллға тең.**

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1. Мұғалімдердің өз авторлық бағдарламаларын жасап, оны аудандық және облыстық деңгейде тарату, кәсіби шеберлік байқауларына белсенді қатысу жұмыстары жандандыруды талап етеді.
2. Оқу-тәрбие процесінде әртүрлі инновациялық әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру жұмыстары жандандырылады.
3. Мұғалімдер арасында біліктілік арттыру курстарынан өту, міндетті және мерзімінен бұрын аттестаттаудан өту қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Мұғалімдердің жетістіктер портфолиосы мен біліктілік тесттеріне жоспарлы дайындық жалғасуда.
4. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша олимпиадаға, байқауларға, зерттеу жобаларына дайындық жұмыстарын күшейту қажет.
5. Химия (қазақ тілінде оқытатын сыныптарда), музыка пәндері бойынша бос орындар бар. Ақпарат Enbek.kz порталына және мектеп сайтына орналастырылды.
6. Оқушыларды әртүрлі деңгейдегі олимпиадалар мен байқауларға дайындаудың жаңа моделін әзірлеу қажет. Бұл бағытта жүйелі, үздіксіз жұмыс ұйымдастыру жоспарлануда.

10. Қорытынды және ұсыныстар

Өзін-өзі бағалау қорытындысы 2025 жылдың 26 мамыр №5 қамқоршылық кеңесте және мектептің өзін-өзі бағалауы 2025 жылдың 29 мамырда №9 кезектен тыс педагогикалық кеңесте талқыланып, алдағы уақыттағы атқарылатын нақты қадамдар бекітілді

Комиссия жасаған қорытындылар:

1. Оқу-тәрбие процесі мен әдістемелік жұмыс ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне, мектеп Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
2. Жалпы білім беретін пәндердің базалық мазмұнын меңгеру типтік оқу бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі. Сағат саны мектептің оқу жоспарына сәйкес толық игерілген.
3. Сабақ кестесі мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп, ата-аналар комитетінің төрағасымен келісілген.
4. Педагогикалық ұжым тұрақты әрі білікті. Біліктілікті арттырудың перспективалық жоспары бар, әдістемелік жұмыс жүйелі жүргізіледі. Ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптасқан.
5. Ішкі бақылау жұмысы оқу-тәрбие процесінің барлық аспектілерін қамтиды.
6. Білім сапасын уақытылы түзету мақсатында оқушылардың үлгерімі мен білім сапасына тұрақты талдау жасалады.
7. Дарынды оқушылармен жұмыс оң нәтиже беруде: аудандық және облыстық олимпиадалар мен байқауларға қатысу және жетістіктер көрініс табуда.
8. Тәрбиелік жұмыс оқушылардың заманауи ортада бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Мектептегі үйірмелерге 80%-дан астам оқушылар тартылған.
9. Оқулықтармен және оқу әдебиетімен қамтамасыз етілу деңгейі – 100%.
10. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін тиісті жағдайлар жасалған.

Қорытынды: Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелері білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін растайды. Барлық жүргізілген жұмыстың нәтижесін шығара отырып, өзін – өзі бағалаудың қорытындысын «**жақсы**» деп бағалаймыз.

11. Бағалау парағы

Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің
«Топар жалпы білім беретін мектебі» КММ

№	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балл
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	91%	3
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	94 %	3
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
4	"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 <u>бұйрығына</u> (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	53 %	4
5	"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 <u>бұйрығына</u> (нормативтік құқықтық	41,3 %	4

	актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі		
6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	95 %	4
7	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	89 %	3
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	100 %	5
9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	100 %	5
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	4 сынып – 64.28 % 9 сынып – 81.25 %	4

11	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	89.6 %	5
12	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	90.2 %	5
13	Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	94.58 %	5
	Жалпы ұпай саны		55 ұпай (жақсы)

Комиссия төрағасы
Комиссия мүшелері:



[Handwritten signatures of committee members]

[Handwritten signatures of committee members]

Колдасбай М.А.
Адымова Р.Д.
Рахметов Ж.С.
Искакова Д.Ж.
Хабылан Г.
Бугир С.И.
Хатаман А.
Жанабекова Р.В.
Джумабекова А.Д.
Болтай Г.
Мукушева Б.М.
Сехимбаева К.Б.
Балгожина А.А.
Баймухаметова Н.А.

Хатшы _____

[Handwritten signature of the secretary]